

Омарова А.Б.

КАЗАХСТАНДАГЫ ЖАШЫ ЖЕТЕ ЭЛЕК ӨСПҮРҮМДӨРДҮН УКУК БУЗУУЛАРЫ

Омарова А.Б.

ПРАВОНАРУШЕНИЯ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ В КАЗАХСТАНЕ

A.B. Omarova

OFFENCES MINOR IN KAZAKHSTAN

УДК 343.2/7

*Бул макалада Қазақстандағы жашы жете электердин укугу жана қылмыштуулукка қаршы күрөшүү иштери қаралат.*

**Негизгі сөздер:** *укук бузуу, қылмыштуулук, аракет, күрөш, жашы жете электер.*

*В статье рассматриваются правонарушения несовершеннолетних и борьба преступностью среди несовершеннолетних в Казахстане.*

**Ключевые слова:** *правонарушения, преступность, действия, борьба, несовершеннолетние.*

*In the article examined offences of minor and fight by criminality among minor in Kazakhstan.*

**Key words:** *delinquency, crime, action, fighting, underage*

Қазіргі таңда мемлекетіміздің, қоғамымыздың негізгі идеологиясы болатын мәселелердің бірі-бұл жастарды дұрыс жолға салып, дұрыс тәлім-тәрбие бағытын дұрыс жеткізе білу. Қазіргі кәмілетке толмағандар арасында түрлі қылмыстардың болып жатқанын да білеміз. Біз осы қылмыстардың алдын алуымыз қажет. Бұл мәселе тек біздің мемлекетімізде ғана емес, бұл дүние жүзілік мәселелердің бірі болып табылады.

Қылмыстылық, онымен күресте бүкіл қоғамның күшін талап ететін құбылыс болса, ал қылмысты ескерту – осы күрес нысандарының бірі. Осыған байланысты теория қылмысты ескертуді ең алдымен адамның қоғаммен, адам арасындағы шиеленісті кикілжінді болдырмас үшін экономикалық, әлеуметтік қатынастармен байланыстырады.

Қылмыстылықты ескерту – бұл әлеуметтік үрдісті мемлекеттік басқаруға тән әдістері деген кең мағынадағы ғана сөз емес, бұл – қылмыстылыққа әсер етудің сан алуан шаралары мен әдістерін қамтитын көп субъектілі кешен, әрекеттер жүйесі. Жалпы криминология ғылымында әлі де болса алдын алу субъектілерінің жүйесі туралы талданған теориялық еңбектердің жоқ екенін атап өту керек. Өртүрлі әлеуметтік объектілердің алдын алу қызметін құқықтық реттеудің жайы одан да жаман. Аталған субъектілер жіктеу түрлі негіздер бойынша жүзеге асырылуы да мүмкін. Оларды мынадай үш топқа бөлуге болады деп ойлаймыз. Біріншісі – тікелей жеке алдын алуды жүргізетін субъектілер. Екінші топқа өзінің бақылаулық және құқық қорғау қызметтерін орындау барысында алдын алу жүргізетін субъектілер жатады. Үшінші топты қылмысты ескерту жөніндегі қызметке басшылық жасайтын

немесе үйлестірумен айналысатын субъектілер құрайды[1].

Қылмыстылықтың алдын алу субъектілерін дұрыс анықтау үшін Ю.Д. Блувштейн алдын алу қызметі субъектілерінің негізгі белгілерін айырып көрсетуді ұсынады. Оның ойы бойынша, ондай белгілер болып мыналар саналады:

– жүйенің тәжірибесін қабылдай алуға және пайдалануға қабілеті бар нағыз қызмет ретінде қылмыстың алдын алуды мақсатты жүзеге асыру;

– «көлденеңінен» (координация) және «тікесінен» (субкоординация) жүйенің барлық элементтерімен байланыстылығы;

– жүйенің басқарушы механизмінің әміріне сәйкес өзінің мінез-құлқын жүзеге асыру;

– осы жүйемен әсер ету мен шектеулерін объектінің нақты жай-күйімен анықталатын мінез-құлқты таңдап алу мүмкіндігі.

Осы жоғарыда аталған белгілердің бірде біреуін игере алмаған органдар, ұйымдар мен жеке адамдар қылмыстың алдын алу субъектісі ретінде қарастырылуы мүмкін емес. Сондай-ақ негізгі қызметі алдын алу мақсатына тікелей бағытталмаған орган немесе ұйымда алдын алу субъектісіне жатпайды.

Қылмысты ескерту - қылмыстың алдын алу. Жалпы қылмысты ескерту тиімділігі қылмыстың алдын-алу, болдырмау мүмкіншілігінен көрінеді. Қылмыстық-құқықтық норма тиімділігін әлеуметтік-құқықтық тұрғыдан зерттеп, оқып-үйрену көптеген ғылымдарды бейтарап қалдырмағаны белгілі.

Қазіргі кезде заңдылық пен әртүрлі құқықтық салалардың тиімділігі жөнінде зерттеулердің жүргізіліп жатқаны белгілі. Дегенмен де, жеке сала ретінде қылмыстық құқықтың тиімділігін, қылмыстың алдын алу тиімділігін зерттеу, тиімділік түсінігіне нақты тұрғыда анықтама беруді жетілдіре түсу өмір қажеттігі.

Біз қылмыстық-құқықтық тиімділік нормалары мен қылмыстық-құқықтық-маңызды жағдайларына ғалымдар еңбегіне сүйене балалардың соттық көрсеткішін пайдаланамыз.

Профессор А.А.Герцензонның пікірінше, сотталғандардың көрсеткіші қылмыстың жағдайын нақты бейнелейтіндіктен, ол қылмыскерлерді сипаттайтын заңдық, әлеуметтік көрсеткіштің кең комплексі жиынтығын құрайды[2].

Кәмілетке жасы толмағандар қылмысының сан-салалығы олардың күнделікті қылмысынан өз көрінісін табуда. 78,2% қылмыс олардың мүліктік қылмысқа барғанын көрсетсе, 49,4% қылмыстың

жеке адам мүлкін ұрлауға бағыт алғанына, 11,2% қылмыстың тонау мен шабуыл жасап тонауды құрағанына күәгер бола аламыз.

Соңғы жылдары республиканың көптеген аймақтарына криминогендік жағдай туғызып, кең етек жая бастаған топтық қылмыс тиімді болса да аландатпай қоймайды. Соның әсерінен республикадағы жасы толмағандар қылмысы 18,3%-ға дейін өсті. 2010 жылдың осы кезеңімен салыстырсақ, топтық қылмысқа қатысқандар саны 16,1%-ға артқанын көрсетеді, оның Павлодар облысында 55,5%-ға Талдықорған облысында 50%-ға, Шығыс Қазақстан облысында 50,7%-ға жеткенін кейінгі санақ дәлелдеп берді. Оған қоса, жоғарыда атап өткеніміздей, 2010-2014-жылдар аралығында жасы толмағандар арасындағы қылмыс сәл бәсеңдеп, олардың қолымен іске асқан қылмыс саны 24,0%-ға төмендегенімен ерекшеленеді [3,2156].

Алайда, бұл көрсеткіштер жасы толмағандар арасындағы қылмыстың тұрақты сипат алатынына нақты дәлел бола алмайды. 2010-2014-жылдар аралығындағы статистикалық талдау қылмыстылықтың негізінен бұзақылық тонау, зорлау, ұрлау сияқты түрлерінің бәсеңдегенін көрсетсе, адам өміріне, денсаулығына бағытталған қылмыстардың күрт өсуі құқық қорғау органдары жағынан аландатушылық туғызуда. Кәмелетке жасы толмағандардың кісі өлтіруі, мысалға, 51,5%-ға, денсаулыққа қасақана зиян келтіру 25,9%-ға, күш қолдану 8,6%-ға өсті. Жасы толмағандар арасында қорқытып алу, белгілі бір талапқа күшпен немесе қорқытып көндіру қылмысы соңғы кезде біршама өскенімен бола бастады.

Кәмелетке жасы толмағандар арасында қылмыстың салалана бастауы тамырын кеңге жая түсуі құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен криминалист-ғалымдар алдына қылмыстың алдын алудағы нақты шараларына қоса, құқық қорғау органдары мен кәмелетке жасы толмаған балалардың ісі жөніндегі комиссияның істеген келелі істерінің тиімділігіне баға беру міндетін де жүктейтінін айтпасақ болмайды.

Қылмыспен күрестің тиімділігі проблемасына арналған ТМД елдерінің криминалист-ғалымдарының еңбектерін оқу, бұл проблеманың әлі де болса теориялық, практикалық жақтарының толық ашылмай жатқандығына күәгер етеді. Біз сөзбен айтқанда жасы толмағандар қылмысымен күрес шаралары тиімділігінің проблемалары мүлдем зерттелмеген десе де болады. Өзімізге белгілі болғандай, жасы толмағандар қылмысы өзіндік айрықша ерекшелігімен ерекшеленсе, ол қылмыстық заңдылықта жан-жақтылығымен айқындалады. Ол айқындық – құқық қолдану, жаза тағайындау мен өтеу кезінде ерекшелене түседі. Десек те, бұл ерекшелікті бөле-жара көрсеткеннен, маңызды тиімділігі беретін шаралар белгілесек, кез келген құқық бұзушылықпен профилактикалық жұмыс жүргізсек, қазіргідей күн тәртібінен түспейтін құқық бұзушылықтың ерте бастан алдын алу проблемасы тұрмаған болар еді.

Құқық бұзушылықтың алдын-алудағы тағы бір тиімді жұмыс баланы құрдастарының қабылдамауын ертерек анықтау, оны мұғалім, психолог тарапынан мұқият назар аударып қараса бастауыш сыныпта-ақ байқауға мүмкіндік бар. Бақылаулардың көрсетіп отырғанындай, құрдастары бұл жаста «түрін көрсе болды жыны келетін», «топас», білгіш, мақтаншақ балаларды қабылдамайды екен. Жоғары сыныптарда қабылданбайтын жасөспірімдер мен бозбалаларға, олардың топтарының құндылықтары мен нормалары өзіншіл және агрессивті, өздері бәрін менсінбей тұратын құрдастарынан өздерін тәуелсіз ұстайтындар мен «ең ақылдылар» категориясына кіретіндер жатады. Әлеуметтік педагогтар мен әлеуметтік қызметкерлер осылай бөлектенуге әкеп соққан себептерді анықтап, әрбір нақты қабылдамаушылықты тексеріп, соған сәйкес түзету жұмыстарын (қарым-қатынас тренингі және т. б.) жүргізулері керек.

Құқық бұзушылықтың алдын-алуға байланысты үлгермеушіліктің проблемасын қарастырғанда қиын тәрбиеленетін оқушылардың үлгермеушілігі олардың интеллектуалдық дамуының кемшілігі ғана емес, олардың танымдық қызығушылықтарының, танымдық қажеттіліктерінің дамымай қалуы да себепкер екенін есте сақтау керек. Мектеп өмірінің негізгі саласы – оқуда өз-өзін көрсете алмаған (не көрсеткісі келмеген) үлгерімі нашар оқушылар оның орнын алмастыру үшін құқық бұзушылыққа әкеп соғатын девианттық мінез-құлық нысандарын табады.

Құқық бұзушылыққа баратын тағы бір топқа жоғарғы сынып оқушылары – «өсіп кеткендер» жатады, олар негізінен оқымайды, «тосып отырып» мектеп өмірінен «босауды» күтеді. Осы топтардағы бозбалалар мен бойжеткендермен жүргізілетін профилактикалық жұмыста оны мектептен тыс проблема ретінде шешіп, мектептен тыс шынайы өмірге бағытталған кең әлеуметтік контексте жүзеге асырылуы керек. Осы жағдайдағы профилактиканың тиімді нысанына кәсіпті таңдау және кәсіби кеңес беруге бағытталған, сондай-ақ осы бір ересек оқушылардың жеке проблемаларын жекелей талқылау сияқты жұмыстарды жүргізу жатады[4].

Құқық бұзушылыққа бейім жас адамдармен профилактикалық жұмыстар әлеуметтік педагогтар мен әлеуметтік қызметкерлер үшін ең күрделі сәт болып табылады, көп жағдайда ол басқа мамандардың араласуын талап етеді, сондықтан бұл жұмыстар педагогтармен, мектептің психологымен, кейде тіпті құқық қорғау органының қызметкерлерімен біріге отырып жүргізілуі керек.

Құқық бұзушылықтың алдын-алу жұмыстарын ұйымдастырған кезде әлеуметтік қызметтердің жұмыс тәжірибесі, кәмелетке толмағандар ортасындағы агрессивті «сублимациясы» бойынша жұмыс жүргізетін басқа да мекемелердің жұмыстары ерекше назар аударуды қажет етеді. Осындағы «сублимацияны» агрессияны мақсатты түрде бейімделу нысанына қайта өзгерту тәсілі деп түсіну керек, ол:

«қиын» жасөспірімдер үшін агрессияны шығаратын қоян-қолтық ұрыс тәсілдерін немесе шығыс жекпе-жегінің тәсілдерін үйрететін секциялар, спорттық ойын түрлері (регби және т.б.) бойынша командалар ұйымдастыру.

Жасөспірімді құқық бұзушыға немесе қылмыскерге айналдыру процесі ұзақ уақытты алады. Сондықтан, оның әлеуметтік қайта бейімделуінің өсуіне қарай, жасөспірім, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылыққа байланысты профилактикамен айналысуға арналған, әртүрлі әлеуметтік институттардың объектісіне айналуы керек. Бұл институттар орындайтын қызметтеріне қарай төрт санатқа бөлінеді:

1. Алғашқы әлеуметтік профилактикалық мекемелер (бала-бақшалар, мектептер, қосымша білім беру мекемелері, дәрігерлік мекемелер және т.б.), олардың жұмыстары балалардың, жасөспірімдердің негізгі бөлігін адекватты әлеуметтендірумен қамтамасыз ету, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыру.

2. Алғашқы арнаулы профилактикалық мекемелер (әлеуметтік баспаналар, мүмкіншілігі шектеулі балаларға арналған реабилитациялық орталықтары, отбасы мен балаларға әлеуметтік көмек көрсететін орталықтар және т.б.), олар әлеуметтік жағынан теріс бейімделген балалар мен қиын өмірлік жағдайларға ұшыраған, яғни құқық бұзуға бара алатын балаларға әлеуметтік көмек көрсетуге арналған.

3. Екінші арнаулы профилактикалық мекемелер (ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықты алдын-алуға арналған бөлімдері, ашық және жабық арнаулы білім беру-тәрбиелеу мекемелері), олар қоғамға қауіпті әрекеттер жасаған балалар мен кәмелетке толмаған құқық бұзушыларды қылмыстық жауапкершілік жасына жеткенше қайта әлеуметтендіруді жүзеге асыруға арналған;

4. Қылмыстық-құқық және қылмыстық-түзету профилактикасының мекемелері (тәрбиелеу колониялары), олардың негізгі мақсаттары кәмелетке толмағандардың рецидивтік қылмыстарының алдын алу болып табылады. [5,126].

Әрине, кәмелетке толмағандар келесі деңгейдегі профилактикалық мекеменің әсер ету объектісі болып оның алдындағы мекеменің жұмысы еш нәтиже бермегенде ғана барады. Өкінішке орай, бүгінде республикада осы барлық профилактикалық жұмыстарды жүзеге жүйелі түрде асыратын мекемелері бар бірде-бір облыс жоқ. Осы мекемелердің сабақтастықта жұмыс істеуін қамтамасыз ету мүмкіндігінің жоқтығы кәмелетке толмағандар ортасындағы құқық бұзушылық профилактикасын тиімді жүргізуге кедергі жасайды.

«Қазақстандағы адамның құқықтары: қоғамдық пікір» жобасының шеңберінде алынған әлеуметтанушылық зерттеулердің мәліметтері сұрақ берілген респонденттердің 70,6% баланың білім алу құқықтарын қамтамасыз етудегі мемлекеттің қолданып жатқан шараларына оң баға бергенін көрсетіп отыр,

бұл мемлекеттің мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуға кепілдік беретінінің дәлелі.

Арнаулы білім саласына мүмкіндіктері шектеулі балалардың дені сау құрбы-құрдастарының білім алу ортасына кірігуі жөніндегі инновациялық процестер кеңінен енгізіле бастады. Бала дамуындағы бұзылулардың алдын алу және сәтті түзету, тәрбиелеу және оқыту, мүмкіндіктері шектеулі балалардың қоғамға бейімделуі мен кірігуі үшін оңтайлы жағдай жасаудағы инновациялық бағыттарды зерделеу жөніндегі жұмыс жетілдірілуде.

Түзеу педагогикасы ғылыми-зерттеу институтының эксперименталдық педагогикалық зерттеулерінің мәліметтері алғашқы бұзылуы бойынша керең немесе 4-ші дәрежедегі нашар еститіндер ретінде есту қабілеті терең бұзылған балалардың 25 пайызы ерте кешенді түзеуден өтіп, бұқаралық мектептерге оқуға түсіп, онда сәтті білім алатынын, еститін балалар ортасында өмір сүріп, тәрбиеленетінін дәлелдейді. Бұл балалардың жалпы және сөйлеу дамуының деңгейі жас нормасына сәйкес немесе жақын болып келеді [6,1206].

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2012-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік көлемінің тізбесі кеңейту жағына қарай әр 2 жыл сайын қайта қаралуға тиіс. Осыған орай, жоғарыда аталған Тізбе өткен жылдармен салыстырғанда ұрпақты болу жасындағы әйелдер мен 18 жасқа дейінгі балаларды жыл сайынғы профилактикалық медициналық тексеруді және кейіннен қарқынды бақылай және сауықтыра отырып жүзеге асыру жөніндегі іс-шараларды қосу есебінен кеңейтілді.

Республикада балалардың мәдени, шығармашылық, қоғамдық өмірге қатысу және жасөспірім азаматтар үшін өмірлік маңызды шешімдер қабылдау құқықтары мойындалады.

Мысалға, баланың пікірі, оның сұраныстары мен мүдделері қосымша оқу пәнін анықтауда, мектептен тыс жұмысты, балалардың қоғамдық қозғалысы ұйымын ұйымдастырғанда ескеріледі.

Балалар мен жастар телехабарларында, балалар мен жастар қоғамдық бірлестіктері арқылы балалардың өз пікірлерін білдіру мүмкіндіктері бар.

Балаларға олардың проблемаларын шешуге дер кезінде көмек көрсету, балаларды құқықтық қорғау мәселесіндегі істің жағдайы туралы ақпаратты жинау және талдау, бала құқықтары туралы материалды тарату мақсатында 2004-жылғы сәуірден бастап республикада балалар қоғамдық қабылдаулары ашылған.

Ата Заңымыз, Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабының 1-тармағында Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екендігі көрсетілген. Сондай-ақ, біздің ата заңымызда айқындалған мемлекеттік биліктің бірден

бір бастауы халық екендігі, жалпы азаматтардың заңды мүдделері мен құқықтары мемлекеттік құқықтық органдармен қорғалуы қажеттілігі, ал прокуратура міндетіне барлық қолданудағы заңдардың, Президент Жарлықтарының, біркелі дәл сақталуын қадағалау тиісті екендігі белгілі.

Жас мемлекетіміздің тұрақтылығын, қадамын нық басуын, халқымыздың қауіпсіздігінің, мемлекеттік басқару нысандарының бірқалыпты дұрыс қызмет атқаруын, сондай-ақ адамдар мен азаматтар арасындағы қарым қатынастарды реттейтін ең маңызды құрал – ол заң болып табылады.

Құқық бұзушылықтар – мемлекеттік немесе қоғамдық құрылым не тәртіпке, мемлекеттік, қоғамдық не жеке меншікке, азаматтардың құқығы мен бостандығына, басқарудың бекітілген тәртібіне қол сұғатын, құқыққа қарсы әрекеттер.

Мемлекетіміздің бүгінгі мен ертеңін өрге бастырар жас жеткіншектер екені баршамызға мәлім. Болашақтың тізгінін ұстайтын олардың алдағы атқарар іс-әрекеттерінің түп тамыры бүгінгі күнмен тығыз байланысты десек, артық айтқандық емес. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін, егемендігін алғаннан бері жастар саясатына аз көңіл бөлмегендігін байқауымызға болады. Көптеген жастар ісі бойынша қоғамдық ұйымдар құрылғандығы тағы да белгілі.

Ел өмірінің қай кезеңіне көз жіберсек те, балалар тағдыры кімді болса да бейтарап қалдырмай, олар жөніндегі ой қозғар өзекті мәселелерді, аталы қауым еш уақытта аттап өтпеген.

Жалпы, елімізде жас балалардың болашағы үшін жағдай жасалуда. Алайда, осы жеткіншектердің бүгінгі мен ертеңін, болашағын аландатар жағдайлар, ара-тұра болса да олардың қолымен жүзеге асып жатқан құқық бұзушылық пен қылмыстар өз көріністерін табуда.

Кейінгі уақытта жастар арасында құқық бұзушылық әрекеттердің көбеюі ешкімді таңқалдырмаса керек. Соның ішінде кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы істелінетін қоғамдық жат қылықтары кең етек жаюда. Мысалы, Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданының статистикалық мәліметі бойынша 2014-жылдың 12 айы бойынша 12 қылмыстық іс қозғалса, 2014-жылдың 1-ші тоқсаны бойынша тіркелген қылмыстар санының өсуі байқалған. Қылмыстық құрылымында ауыр және аса ауыр қылмыс түрлері кездеседі.

Қылмыстық әрекеттің көбісі қоғамдық орындарда, көшеде, көптеген демалыс орындарында алкогольді ішімдікті есірткі заттарды немесе басқа да есеңгірететін заттарды пайдалану нәтижесінде жасалынып келеді. Ал кейбіреулері қоршаған ортаның әсерінен қызғанушылық, көре алмаушылықтан немесе мәжбүрлеу арқылы және өз еркімен жүзеге асырылады.

Нақтылап айтқанда, олар тонау, ұрлық, қорқытып алушылық, адам өлтіру, алаяқтық, автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын ұрлау мақсатынсыз заңсыз иелену қылмыстары бүгінгі

біздің болашақ жасөспірімдермен істелетін қоғамға қауіпті іс-әрекеттері болып табылады.

Жалпы, адам жақсы-жаманды отбасынан біліп, оның қыр-сырын бойына сіңіреді. Сондықтан да жасөспірімдердің адамға, қоғамға, жалпы мемлекет пен ұлтқа кезқарасы ата-ананың көрсеткен тәлім-тәрбиесіне байланысты қалыптасады. Кейбір кәмелетке толмағандар әке-шешесінің істеген қоғамға жат қылықтарын өнеге ретінде түсініп, қайтарылуы мүмкін. Кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауына отбасында әке-шешесінің тату тұруы, отбасында әке-шешесінің біреуі болмауы немесе екеуінің де болмауы әсер етеді. Сондықтан да жақсы тәрбие мен отбасындағы жағдайдың жасөспірімдер өмірінде алатын орны ерекше.

Ересектер қылмысы мен кәмелетке жасы толмаған балалар арасындағы қылмыстар бір-бірімен тығыз байланысты. Жасы толмағандар арасындағы қылмыстың түп-тамырына түпкілікті балта шабу мүмкін емес. Алайда, алдын алу, тежеу болашақтағы ересектер қылмысының азаюына қолжеткізері сөзсіз.

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңы (ҚРҚК15-бабы) қылмыстық жауапкершілік жасын жалпы қылмыстар үшін 16 жастан, ал саналы түрде істелген ауыр қылмыстар үшін ғана 14 жастан белгіленген.

Дәл осындай қылмыстық жауапкершілік жасын Ресей Федеративтік Республикасы да (Ресей Қылмыстық кодексінің 10-бабы) белгілеген.

Осыларға сай, қылмыстылық, ұғымының кең криминологиялық мағынадағы ұғым екенін көре отырып, оны барлық 7-9, 10-13, 14-16 жастағы балалар құқық бұзушылығының жиынтығы ретінде қарау орынды [7].

Балалар арасындағы құқық бұзушылық жыл сайын кебеймесе, азаймай отыр. Қоғамға жат бұл әрекеттердің алдын алу, тіптен, жеделдетуді керек етеді.

Жас балалардың (9-13 жастағы) құқық бұзушылығына – бос уақыттың көптігі, пайдалы іспен айналыспаушылық, ата-ана тарапынан бақылаудың өз дәрежесінде болмауы, құқықтық білімінің аздығы, сан салалы жақсы істермен қызықтырып, өзіне тартатын аулалық клубтардың жабылуы басты себептер болып, мектептен бос уақытында не істерін білмей, еріккен баланың қандай іске болса да еліктеушілік танытуына әкеліп соғуда.

Осы орайда, В.М.Бехтерев «Семья және мектеп» атты еңбегінде баланы тәй-тәй басып, қолына кез келген затты мықтап ұстай бастағаннан-ақ үнемі еңбекке үйрету керектігін айтқан. Бұл пікірмен келіспеуге болмайды. Белгілі бір айналысатын ісі бар баланың құқық бұзушылыққа бармайтыны белгілі. Мектептен тыс уақытта кітап оқу, әр түрлі үйірмеге қатысу, спорттың көптеген түрлерімен айналысу – қазіргі кезде жас балалардың әдетінен қалып бара жатқан құбылыс. Әрине, бұл жерде бар бала пайдалы іспен айналыспай, бос сандалыспен күй кешеді деген жаңсақ пікір тумаса керек. Жоғарыда айтып кеткендей, бос уақыттың

көптігі жас баланың теріс кадамына ұйтқы болары анық.

Көптеген сот істері тәжірибесі көрсеткендей, жас балалардың құқық бұзуына әсер ететін жағдай – ересектердің оларды қылмыстық әрекетке тартуы болып табылады. Жас балалар құқық бұзушылығын жан-жақты ашуға ниет еткен Н.Трофимовтың пікірінше, құқық бұзушылықтан бастап, қылмыстық жолға түскен балалардың 70 проценті ересектердің ықпалымен соңғы жолды таңдаған.

Ересек қылмыскерлер өздерінің мақсатына жету ниетінде сабақтан бос уақытында қандай іспен шұғылданып білмей, ерігіп отырған жас жеткіншектерді әртүрлі жолмен пайдаланып, ойларын жүзеге асырады. Олардың бірі аулада бостан-бос отырған балаларды маңайына топтастырса, екінші біреулер ұрлық жолмен «жеңіл» де «қызық» өмір сүруге қызықтырады.

Балалардың тұратын жерлеріне мөлтек аудан, мектеп, тіпті, кейде оны қоршаған достарының аймағы да жатады. Жас баланың жеке басында пайда болатын жағымсыз қылықтар оның тұратын жеріндегі тәртібі нашар балалар-мен араласу нәтижесінде өрши түсетіні күпия болмаса керек.

Құқық бұзуға икем келетін балалар көп жағдайда өзімен көрші тұратын «қиын» балалармен достық қарым-қатынаста болады. Балалардың жастарының әр түрлі болуы олардың бірлесе әрекет істеуі мен нығая түсіп, олардың криминогендік жағынан тез өсуіне ықпал етеді.

Бүгінгі күнде кеңінен тараған жазаның түріне кінәліні қоғамнан мәжбүрлеп бөлектеп, әртүрлі құқықтық шектерден тұратын бас бостандығынан айыру жатады. Бас бостандығынан айырылған кәмелетке толмаған сотталғандар жазаларын тәрбиелеу колонияларында өтейді.

Жазаны өтеу орындарында жүргізілген әлеуметтік жұмыстардың өзіндік ерекшеліктері бар:

- олар жабық және бөлектелген мекемелерде жүзеге асырылады;
- оның объектісіне әлеуметтік жағынан жағдайсыздығы жоғарғы индексті және стресске бейімдігі жоғары тұлғалар жатады;
- ол қылмыстық жазаның орындалуымен үздіксіз байланысты;
- ол жазаны өтеп болғаннан кейін де тоқтатылмайды, себебі бұрынғы колониядағы адам сыртқы ортаға бейімделудің қайта әлеуметтендірілуін қажет етеді [8,186].

Осыған сәйкес қылмыстық кодекс жасөспірімдерге қатысты қылмыстық жазаның бірқатар түрлерін орындау мен қолдануда шектеулерді көрсеткен. Арнаулы әдебиет көздерінде кәмелетке толмаған қылмыскерлерге қатысты жазаның жалпы қағидасы мен жазалау жақтарының жеңілдіктері жасы толмағандарға қылмыстық жазаның әртүрлі түрлерін тағайындау туралы мәселені шешуде соттар тарапынан ерекше амалды қолдану қажеттігіне ықпалын тигізетіні көрсетілген. Бұл ең алдымен, бас бостандығынан айыру жазасын қолдануға қатысты.

Жазаның бұл түрін қолдану тек қоғамға қауіпті бірнеше көрініс жіберген, не ерекше қауіпті қылмыс жасаған, басқа шаралармен түзелуі мүмкін емес жасөспірімдерге ғана қолдану әділетті болады. Алайда, жасы толмағандарға жаза тағайындаудағы мұндай «ерекше амал» тек сәйкестендірілген заңдық негізде жүзеге асырылып тиісті ықпал етуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 52-бабының бірінші бөлігінде «қылмыс жасауға айыпты деп танылған адамға қылмыстық кодекстің ерекше бөлімінің тиісті бабында белгіленген шекте және жалпы бөлімінің ережелері ескеріле отырып әділ жаза тағайындайды» - деп көрсетілген. Жаза тағайындаудың жалпы негіздерінің бұл ережелері қоғамдық заңдылықты сақтаудың маңызды кепілі болып табылады, немесе сотталған адамға жаза тағайындау кезінде заңның алдыңғы ролін көрсетеді.

Жасы кәмелетке толмағандардың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерінің тартымдылығы сонша, оларға жазаның шегі туралы жаза тағайындаудың жалпы негіздерінің талаптарын қолдану жасы толмағандарға жаза тағайындауды реттейтін бірқатар арнайы нормалар арқылы түзетіледі. Олар қылмыстық кодекстің әртүрлі баптарында көрсетілген. Жасы толмағандардың жауаптылық шектері мен шарттарының құқықтық реттеуін әрі қарай жетілдіруді жасы кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы сот өндірісінің тәртібіне қатаысты жасалған басқа республикалардың КІЖК-гідей, қылмыстық кодексте де арнайы тарау бөлу арқылы жүзеге асыруымыз қажет. Бірқатар шет мемлекеттерде жасы толмағандардың қылмыстық жауаптылығының шектері мен шарттарын реттейтін нормалар арнайы тарауларды бөлінгенін көрсете кету керек.

Қылмыстық жазаны жасы толмағандарға қатысты қолданудың ерекшеліктері бар. Олар екі түрлі. Біріншіден, қылмыстық кодексте көрсетілген жазалардың барлық түрлерін жасы кәмелетке толмаған қылмыскерлерге қолдануға болмайды (белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, өлім жазасы). Екіншіден, жасы кәмелетке толмаған қылмыскерлерге қолдануға болатын жазалардың өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл ерекшеліктердің негізгі көрсеткіші-жазаны белгілі дәрежеде шектеп қолдану.

Қоғамда өздерінің негізгі қызметтерімен бірге іс жүзінде қылмыстылықты ескерту ісін жүргізетін әлеуметтік субъектілер де бар. Ондайлар тіпті құқық қорғау органдарынан да көп. Осыған байланысты осында ескерту қызметімен айналысатын негізгі субъектілердің тізімін ретімен көрсетейік:

1. Қылмыстылықты ескертудің саяси басшылығымен айналысатын субъектілер Қазақстан Республикасының Президенті және соның жанындағы осы саладағы даму перспективасы мен саяси бағытын анықтайтын Қауіпсіздік кеңесі болып табылады;

2. Құқықтық реттеу мен басқару билігінің субъектілері Қазақстан Республикасының Парламенті мен Үкіметі, әкімдер және әртүрлі дәрежедегі әкімдер;

3. Ескерту қызметін үйлестіру субъектілері болып мыналар саналады:

- а) ұжымдардың алдын алу кеңестері;
- б) қоғамдық тәртіп сақтау пункттері;
- в) ведомствоаралық үйлестіру кеңестері;
- г) ведомство ішіндегі үйлестіруді қамтамасыз ететін қызметтер (штабтар, ұйымдастыру инспекторлық бөлімдер және басқалар);

д) осы қызметті басқа да міндеттерге байланысты жүзеге асыратын органдар (құқықтық тәрбие жөніндегі үйлестіру кеңестері, жол қауіпсіздігі жөніндегі комиссия және басқалары);

Ескерту қызметі бағыты бойынша басқаруды жүзеге асыратын субъектілер болып мыналар саналады:

а) құқық қорғау органдары (сот, прокуратура, ПМ, ҰҚК, үштік сот, салық полициясы, адвокатура, қоғамдық құрамалар және басқалар);

б) мамандандырылған инспекциялар, бақылау органдары, салық инспекциясы, мемлекеттік сақалық (госстандарт), еңбекті қорғау жөніндегі инспекция, қаржылық бақылау органдары және басқалар;

в) шаруашылық министрліктері мен өзге де ведомстволар өздерінің негізгі міндеттері шеңберінде;

- г) қоғамдық ұйымдар мен еңбек ұжымдары.

Сонымен құқықбұзушылықты ескерту жүйесі үшін мыналар тән:

1) құқықбұзушылықты азайту, құқықтық реттеу, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету саласындағы мақсаттың, саяси тұжырымдардың бірлігі;

2) ақпарат алмасу, қызметті үйлестіру негізіндегі әрекеттер бірлігі;

3) жалпы әлеуметтік жағдайдың динамизмі, өзгеруі;

4) құқықбұзушылықты ескерту шараларының қолдау табушылығы, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың, азаматтардың қызметтерінің үйлесім табуы.

Ескерту қызметі субъектілері жүйесін одан әрі жетілдіре түсу алдын алу қызметін ұйымдастыру теориясын жасауды талап етеді.

Қылмыстылықты ескерту жекелеген субъектілері қызметінің ерекшеліктеріне мыналар жатады:

Саяси бастылық, құқықтық реттеу және басқару билігі субъектілері мыналармен айналысады:

а) қылмыстылықпен күрес бағдарламасын жасау;

б) қылмыстылықтың жалпы жай-күйін талқылау және лауазымды адамдарды тыңдау;

в) қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау;

г) қабылданатын шешімдерді талдаудан және сараптан өткізу;

- д) үйлестіру;

Қоғамдық құрамалар мен еңбек ұжымдары, жекелеген азаматтар мыналарды қолданады:

а) сендіру шараларын;

б) тәрбиеге алынғандарды бақылау;

в) шептік, тәлімгерлік;

г) ішкі қауіпсіздікті қорғау;

д) аймақтық бағдарламаларға қатысу;

е) қоғамдық тәртіпті сақтау пункттері, үй комитеттері, ата-аналар комитеті, отбасы;

ж) қоғамдық қозғалыстар мен діни ұйымдар;

3. Ішкі істер органдары:

а) учаскелік инспекторлар жеке қылмыстық ескерту жасалатындарды алдын алу есебіне қояды;

б) кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекция қараусыз және жетім балалармен айналысады;

в) қоғамдық тәртіп күзеті – күзеттік қызметпен, постылармен, қоғаммен байланыспен;

г) жол полициясы – үгіт-насихат жұмысымен, әкімшілік жауапкершілікке тартумен, қылмыскерлерді ұстаумен және т.б.

д) қылмыстық іздестіру – жедел есеп жүргізумен, жасырынып жүрген қылмыскерлерді іздестірумен, қылмыстарды ашумен;

е) тергеу – қылмыстық іс қозғаумен, тергеумен, қылмыстың жасалуына кінәліні анықтаумен, олардың кінәсін дәлелдеумен, тергеушінің ұсынысымен;

ж) түзеу мекемелері – қылмыстың қайталануын ескертумен.

4. Соттар мен прокуратура мыналармен айналысады;

а) жаза қолданумен және жазаның болмай қалуымен;

б) қылмыстылықтың себептері мен шарттарын анықтаумен;

в) үкімнің әділдігімен;

г) жариялықпен;

д) жеке анықтаудың орындалуын бақылау және қадағалаумен;

е) құқықтық насихат жүргізумен.

Сонымен қатар ересектердің кәмелетке толмағандарды тәрбиелеудегі қоғамға қауіпті қылықтары өздерінің нысандары мен мазмұны, сондай-ақ кәмелетке толмағанға жасайтын теріс ықпалының дәрежесі жағынан алуан түрлі. Бұл ересек адамдардың мұндай әрекеттері үшін қылмыстық жауаптылықты көтеру мәселесін туындатады. Қылмыстық жауапкершілікті анықтаудың құқықтық нысандары дегеніміз - қылмыстық жауапкершілікті белгілеудің және жеке даралаудың заңдық тәсілі.

Кәмелетке толмағандар қылмыстылығының алдын алуды қамтамасыз ету және оның тиімділігін көтеру үшін мыналар қажет:

- кәмелетке толмағандарды қылмыстылыққа итермелейтін барлық қоғамға қауіпті іс-әрекеттері толықтай заңмен қамтылуы керек;

- әртүрлі қылмыстылыққа итермелейтін, арандататын, кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу мүддесін

бұзатын ықпалдардың қауіптілік деңгейі заңда дұрыс анықталуы керек [9,356].

Кәмелетке толмағандарды қылмыстылыққа немесе басқадай қоғамға қайшы әрекеттерге тартқаны үшін ересектердің жауапкершілігі қарастырылған құқықтық нормалар жасөспірімдерді теріс ықпалдан қорғауда маңызды рөл атқарады. Кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу ісіне аса қауіптілік тудыратын жағдайға қылмыс немесе қоғамға қайшы басқадай әрекеттер жасауға қасақана тартуды жатқызамыз.

**Әдебиеттер:**

1. ҚР. Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына жолдауы.
2. Герцензон А.А. Анализ становления личности несовершеннолетнего преступника и его криминальная

мотивизация. // Саясат – 2002 – №2 –3-б.

3. Нарикбаев В.Н. Правовая охрана детства в Республике Казахстан Алматы, – 1996.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы. Алауханов. – Алматы. Жеті жарғы – 2001.– 356-б.
5. Ағыбаев А.Н Уголовно правовые и криминологические меры борьбы с коррупцией: оқу құралы.-Алматы, 2003. 450-бет.
6. Ағыбаев А.Н. «Қылмыстық құқық ерекше бөлім» Алматы, 2001.– 398-б.
7. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі.- Алматы: ЮРИСТ, 2014.– 204-б.
8. Ажиметова З.А. Кәмелетке толмағандардың зорлықпен жасалған қылмыстылығы (қылмыстық-құқықтық тәсілдері мен оның алдын алу аспектілері).- Алматы, 2008.– 24-б.
9. Бегалиев К. Предупреждение безнадзорности и правонарушений несовершеннолетних. Алма-Ата, 1980.– 280-б.

**Рецензент:**

**кандидат юридических наук Мазитов Р.Я.**